

**"Elorda Aqparat" ЖШС қызметінде сыбайлас жемқорлық  
тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Бұйрықты орындау үшін "Elorda Aqparat" ЖШС (бұдан әрі – ЖШС) жұмыс тобы 2022 жылғы 01 қаңтардан бастап 2023 жылғы 01 мамырға дейінгі кезеңде серіктестік қызметінде СЖТІТ өткізді. Ішкі аудит мынадай бағыттар бойынша жүргізілді: ЖШС-нің қолданыстағы құқықтық актілеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; мүдделер қақтығысымен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

ЖШС-нің негізгі қызметі азаматтардың қала, ел өмірінің түрлі қоғамдық мәселелері бойынша объективті ақпарат алу құқығын қамтамасыз ету үшін баспа басылымдары мен интернет-ресурстарда жаңалықтар басып шығару болып табылады.

Аудит барысында келесі құжаттар қаралды:

1. "Elorda Aqparat" ЖШС қызметкерлерінің демалысы туралы Ереже;
2. "Elorda Aqparat" ЖШС-де еңбекақы және өзге де төлемдер туралы Ереже;
3. "Elorda Aqparat" ЖШС-де Ішкі еңбек тәртібі туралы Ереже;
4. "Elorda Aqparat" ЖШС-де еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі туралы Ереже;
5. "Elorda Aqparat" ЖШС "Elorda.Info" желілік басылымының редакциясы туралы Ереже;
6. "Elorda Aqparat" ЖШС-де дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау туралы" Ереже;
7. "Elorda Aqparat" ЖШС-де тәртіптік комиссиясы туралы Ереже;
8. "Elorda Aqparat" ЖШС-де кадр саясаты туралы Ереже;
9. "Elorda Aqparat" ЖШС-де жеке еңбек дауларын қарау жөніндегі келісу комиссиясы туралы Ереже;
10. «Elorda Aqparat» ЖШС-де ведомстволық архив туралы Ереже;
11. "Elorda Aqparat" ЖШС-де сараптау комиссиясы туралы Ереже;
12. "Elorda.Info" желілік сайт редакторларының жұмысын бағалау бойынша Еңбек өнімділігі коэффициентінің (ЕӨК) жүйесі туралы Ереже;
13. "Elorda.Info" желілік сайтының бас редакторларының орынбасарларының жұмысын бағалау бойынша Еңбек өнімділігі коэффициентінің (ЕӨК) жүйесі туралы Ереже;
14. "Elorda.Info" желілік сайтының шығарушы редакторларының жұмысын бағалау бойынша Еңбек өнімділігі коэффициентінің (ЕӨК) жүйесі туралы Ереже;
15. "Elorda Aqparat" ЖШС "Мультимедиа" бөлімі туралы Ереже;

16. "Elorda Aqparat" ЖШС әкімшілік-басқару персоналы туралы Ереже;
17. "Elorda Aqparat" ЖШС "Астана ақшамы" газетінің редакциясы туралы Ереже;
18. "Elorda Aqparat" ЖШС "Вечерняя Астана" газетінің редакциясы туралы Ереже;
19. "Elorda Aqparat" ЖШС қызметкерлеріне арналған біліктілік анықтамалығы;
20. "Elorda Aqparat" ЖШС қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы" Ереже;
21. "Elorda Aqparat" ЖШС қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу туралы Ереже;
22. "Elorda Aqparat" ЖШС тәртіптік комиссиясы туралы Ереже.

Қазіргі уақытта авторлық қызмет ақысы және жарнамалық материалдарды дайындау туралы Ережені дайындау жұмыстары жүргізілуде.

"Elorda Aqparat" ЖШС мемлекеттік қызмет көрсетпейді, рұқсат беру және бақылау функциялары жоқ. Сондықтан аталған бағыттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін емес.

**Бірінші бағыт - ЖШС-нің қолданыстағы құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.** Кадрлық сәйкестікке ерекше назар аударылды. Іс жүргізу екі тілде: мемлекеттік және орыс тілінде жүзеге асырылады.

Серіктестік ұжымы жоғары білікті мамандардан құралған.

Серіктестік қызметкерлерінің жалпы саны штат кестесі бойынша 70 бірлікті құрайды. Жауапты менеджер кадр саясатын дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Еңбек шартын жасасу әңгімелесу өткізілгеннен кейін жүргізіледі. Бұл ретте қабылданған қызметкерлер ішкі нормативтік құжаттармен, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтармен танысады, жеке қолтаңбалармен танысу парақтары бар.

Ішкі актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. Жұмысқа қабылдау, лауазымға тағайындау мәселелерінің реттелмеуі анықталған жоқ. Бос орындар болған жағдайда, сайтта Enbek.kz хабарландыру мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау басшылар, мамандар және өзге де қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына сәйкес (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 553 бұйрығы), сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмысқа қабылдау кезінде еңбек шарты жасалады, ал басқа лауазымға ауысқан кезде еңбек шартына қосымша келісім жасалады. Алынбаған тәртіптік жазалар болған кезде қызметкерлерді көтермелеу анықталған жоқ.

Еңбекақы төлеу туралы Ережеге сәйкес, өзінің лауазымдық міндеттерін сапалы, адал, тиімді орындағаны үшін тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын

алып тастау жағдайларын қоспағанда, сыйлықақы беру кезінде тәртіптік жазасы бар қызметкерлерге сыйлықақылар төленбейді.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, қызметкерлерді талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша көтермелеу анықталған жоқ.

**Ұсынылды:**

**1. Құжаттардың қолданыстағы заңнамаға сәйкестігіне тексеру жүргізу.**

**2. Келесі құжаттарды жаңарту:**

- "Elorda Aqparat" ЖШС-де Ішкі еңбек тәртібі туралы Ереже (2017)
- "Elorda Aqparat" ЖШС-де еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі жөніндегі Ереже (2019)
- "Elorda Aqparat" ЖШС-де "Elorda.Info" желілік басылымының редакциясы туралы Ереже (2019)
- Elorda Aqparat " ЖШС-де дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау туралы" Ереже (2019)
- "Elorda Aqparat" ЖШС-де кадр саясаты туралы ереже (2019)
- "Elorda Aqparat "ЖШС "Мультимедиа" бөлімі туралы Ереже (2019)
- "Elorda Aqparat" ЖШС әкімшілік-басқару персоналы туралы Ереже (2017)
- "Elorda Aqparat" ЖШС "Астана ақшамы" газетінің редакциясы туралы Ереже (2019)
- "Elorda Aqparat" ЖШС "Вечерняя Астана" газетінің редакциясы туралы Ереже (2019)
- "Elorda Aqparat" ЖШС қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы" Ереже (2019)

**Екінші бағыт** - ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Бұйрықтар, қызметтік жазбалар тиісті түрде ресімделеді және тіркеледі, журнал жүргізіледі.

**Үшінші бағыт** - персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Тәуекелдер анықталған жоқ.

**Төртінші бағыт** - мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Талдау көрсеткендей, лауазымдардың қосылу фактілері жоқ, серіктестік басшылығымен жұмысқа қабылданған қызметкерлердің қосылуы жоқ.

**Бесінші бағыт** - ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Тәуекелдер анықталған жоқ.

**Алтыншы бағыт** - қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша таза табыстың 70% Астана қаласының бюджетіне аударылды. Табыс заңды, жеке тұлғалардан және депозиттік шоттан көрсетілген ақпараттық қызметтер үшін төлемдерден қалыптастырылады. Ақылы ақпараттық қызметтер бойынша прайс-парақ бар. Алайда, шарттарды дайындау және жасасу, шарттық жұмысқа байланысты

құжаттарды есепке алу және сақтау, оны жүзеге асыру үшін жауапкершілік мәселелерін реттеу үшін ЖШС-нің шарттық жұмысы туралы Ереже жоқ.

**Ұсынылды:**

- 1. "Elorda Aqparat" ЖШС-нің шарттық жұмысы туралы Ережені әзірленсін және бекітілсін.**
- 2. Қолданыстағы заңнамадағы (оның ішінде салықтық) өзгерістерге сәйкес есеп саясатына нақтылаулар мен толықтырулар енгізілсін.**

**Қорытынды.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша "Elorda Aqparat" ЖШС қызметінде қолданыстағы құқықтық актілермен және ЖШС-нің қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты бағыттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды.

Оларды жою үшін тиісті қызметтерге ұсыныстар берілді. Сонымен қатар, іске асыру жоспары дайындалады.

СЖТІТ нәтижелері бойынша осы талдамалық анықтама ЖШС директорына енгізіледі, ЖШС ресми сайтында орналастырылады, содан кейін ұжымның талқылауына шығарылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру мақсатында Серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты жалғастыру ұсынылды.

**Комплаенс-офицер**

**Искендинова К.**

**Жұмыс тобының мүшелері:**

- 1. Байгенже Н. А.**
- 2. Рахметова Р. Б.**
- 3. Кудасова Б. А.**
- 4. Кәкімжан С. М.**
- 5. Нургазин Е. Е.**

Келісілді:

**Директордың орынбасары**

**Р.Сабитов**